“ЖАС ОРДА ” жастар қоғамдық бірлестігі

Молодежное общественное Объединение «ЖАС ОРДА»

120400, Қызылорда облысы,Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті,Әйтеке би кошесі №50
тел: 87057871287
E-mail: zhas_orda@list.ru

120400, Кызылординская область, Казалинский район, кент Айтеке би, Ул. Айтеке би №50
тел: 87057871287
E-mail: zhas_orda@list.ru

«09» сәуір 2019 жыл.

«09» апрель 2019 год.

№027

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
Ішкі мемлекеттік аудит комитеті

ШАҒЫМ ХАТ

2019 жылдың ақпан айының 28 күнгі "Шиелі аудандық ішкі саясат бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ұйымдастыруымен өткізілген, хабарландыру **номері 3157848-1** хабарландыру атауы **Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде көрсетілетін қызметтер** бойынша «Жас Орда» жастар қоғамдық бірлестігі мемлекеттік сатып алу веб-порталында мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстарды сатып алуларға қатысқан болатын.

Алайда, **2019 жылғы сәуір айының 08 күнгі № 2911060** мемлекеттік әлеуметтік тапсырыспен көзделген қызметтерді мемлекеттік сатып алудың қорытындылары туралы хабарламаға /хаттамаға/ сәйкес «Жас Орда» жастар қоғамдық бірлестігінің өтінімін "Қармақшы аудандық ішкі саясат бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Ресубликасының мемлекеттік сатып алу қағидасының 233-тармағында көзделген критерийлердің салыстырмалы мәнін қолдану нәтежиелері бойынша, бағалау критерийлері бойынша төмен ұпайлар бергендігін және бұл шешіммен «Жас Орда» жастар қоғамдық бірлестігі келіспейтіндігін өзіңізге баяндайды.

ҚР Қаржы министірінің 13.06.2018 жылғы №562 бұйрығымен 01.07.2018 жылдан бастап қолданысқа енгізілген Мемлекеттік сатып алу қағидасының 12-қосымшасындағы «Техникалық ерекшеліктердің әлеуетті өнім берушілердің ұсынған бағалау өлшемшарттары» бойынша тапсырыс беруші "Шиелі аудандық ішкі саясат бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Жас Орда» жастар қоғамдық бірлестігі ұсынған техникалық ерекшеліктерді бағалау критерийлерін дұрыс есептемей отырғанын мәлімдейміз.

Атап айтқанда Лоттың № 23105559-ГСЗ1, 23104691-ГСЗ1 бойынша толыққанды бағаламай отыр.

Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің әрі қарай Кодекс 207 бабының 7 тармағына сәйкес Әлеуетті өнім берушіні және (немесе) ол тартатын, жұмыстардың не көрсетілетін қызметтердің қосалқы мердігерлерін (бірлесіп орындаушыларын) Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасында көзделмеген негіздер бойынша біліктілік талаптарына және (немесе) конкурстық құжаттаманың (аукциондық құжаттаманың) талаптарына сәйкес келмейді деп тану – лауазымды адамдарға бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

Осыған байланысты Заң нормаларын өрескел бұзып отырған "Қармақшы аудандық ішкі саясат бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің конкурстық комиссия мүшелеріне тиісті шаралар қолдануыңызды сұраймыз.

Төраға: **Қуаныш Әлібек Нұрланұлы**

Қосымша ақпараттар алу үшін

✍ Куаныш.Ә ☎ 8 705 787 12 87